

**Орта ғасыр мен
қайта өрлеу
дәуіріндегі саяси
ұғымдар**

Жоспар:

- 1. Аврелий Августин*
- 2. Фома Аквинский*
- 3. Макиавелли Никколо*



Аврелий Августин

(354-430)

Аврелий Августин (13.11.354
Солтүстік Африкадағы Тагаста
қаласында туған — 28.8.430
Солтүстік Африкадағы
Гиппонда қайтыс болған) —
көне рим философы, христиан
теологы, батыс
патристикасының өкілі




Ол христиан фәлсафасының негізгі қағидаларын зерттеп, жетілдірді. Оның саяси көзқарасы "Құдай қаласы туралы" деген еңбегінде баяндалған. Августин барлық әлеуметтік, мемлекеттік және құқықтық мекемелер мен заңдарды адамның күнәсінің, нәтижесі деп санады. Құдай адамға еркіндік береді, яғни адамдардың құдай жолымен өмір сүруге мүмкіндігі бар деді.

Осыған байланысты адамдарды екіге бөлген:

Құдай жолымен өмір сүрушілер - болашақта құдаймен мәңгілік патшалық құрады.

Адам жолымен өмір сүрушілер - жын-шайтаннан мәңгілік жапа шегеді.



Августин жоғары билікке жүктелген ең негізгі міндеттері деп таныды: Моральдық және Діни көзқарасты

Егерде мемлекетте дінге деген әділеттілік пен құрмет сақталатын болса, онда басқарудың барлық формасы бағынуға лайық болады деген пікір қалдырған



Фома Аквинский

(1225-1274)

Христиан дінінің саяси теориясын негіздеп, шыңына жеткізген монах Фома Аквинский болды.

"Билеушілердің басқаруы туралы", "Психологияның жиынтығы" деген еңбектері бар. Оның ойынша жалғыз адам өз мұқтаждығын, қажеттігін жеке-дара қанағаттандыра алмайды. Сондықтан бірігіп өмір сүру үшін мемлекет керек. Мемлекеттік биліктің мақсаты "ортақ игілікке жету", адамдарға лайықты, ақылға сыйымды өмір сүруге жағдай жасау, барлығы жоғары тапқа бағынуы керек деп санаған.

Ф.Аквинскийдің ойынша билік құдайдың құдіретімен орнайды. Сондықтан патшалық билік діни билікке бағынуға тиіс. Аспанда құдай жерде Рим папасы билік етуі керек деген.



Фома Аквинскийдің мемлекет туралы ұғымдары мемлекеттің христиандық доктринасын Аристотельдің "Саясат" еңбегі ауқымында дамытудың алғашқы қадамы болды. Аквинат Аристотельдің адам табиғатынан қоғамшыл және саясатшы деген ойын құптады.

Мемлекеттіліктің мақсаты — " жалпы игіліктер" , саналы өмір мен тұрмыс үшін қажетті жағдай жасау. Бұл мақсатқа жету үшін Фома Аквинский феодалдық-сословиелік жүйені және " билік иелері мен байлардың артықшылық жағдайын сақтау керек" деп есептейді. Оның пікірінше, саяси формалардың ең тиімдісі монархия болып табылады. Сонымен бірге ол монархиялық құрылыстың екі түрін — абсолютті және саяси монархияны бөліп қарайды.

Діни биліктің азаматтық биліктен күштілігін және оның мемлекеттік билікке араласуын дәлелдеу үшін Фома Аквинский мемлекеттік биліктің үш элементін анықтайды. Олар:

1. Биліктің мәні.
2. Биліктің пайда болу формалары.
3. Билікті пайдалануы.

Аквинскийдің пайымдауынша католик шіркеуі құдайдың табиғатын түсіндіретін ілім, сондықтан да шіркеу діни ілімді үйретуші ретінде азаматтық қоғамнан жоғары тұрады. Осы қағиданы ұстанған ол өкімет билігі де құдайдан жіберілген деген қорытынды жасайды.

Фома Аквинский монархияны таңдап, оны екіге бөледі – абсолюттік монархия, саяси монархия. Саяси монархияда ірі феодалдар, шіркеу князьдерінің ықпалы зор болады, яғни ол конституциялық монархияға ұқсайды, сондықтан да ол саяси монархияны жақтайды.

Макиавелли Никколо

(03.05.1469 — 22.06.1527)

— флоренциялық дипломат,
саяси теоретик, саяси
биліктің жаңа тарихтағы
алғашқы аналитигі.



Оның негізгі идеясы — мемлекетте адамдар арасындағы жеке қатынастарды реттеуші этикадан басқа принциптер болуы керек. Негізгі бағыт — билікке жету және реттеу. Ол басшы жағдайға байланысты әрекет етуі қажет деген.

Макиавеллидің ("Тит Ливийдің бірінші декадаға ой-толғаныстары", "Әмірші", "Әскери өнер туралы" және т.б.) шығармалары Жаңа дәуірдің саяси-құқықтық идеологиясына негіз болды.

Макиавелли саясаттың маңызды құралы деп дінді санады. Макиавелли: "дін — адамдардың ақыл-ойы мен парасатына ықпал етудің күшті құралы", — деп тұжырымдады. Осы себептен мемлекеттердің негізін қалаушылар мен данышпан, заң шығарушылардың барлығы құдайдың өміріне жүгінген. Жақсы дін бар жерде әскер құру да оңай. Мемлекет дінді қол астындағы азаматтарды басқару үшін пайдалануға тиіс.



Әлеуметтік-саяси философиясында, Н.Макиавелли Құдайдың керектігін қажет етпейді, бәрі де адамның табиғаты мен тәлім-тәрбиесінен шығады. Оның ойынша, христиан діні алғашқы қалыптасқан идеалдардан анағұрлым алшақтап кетті. Католик дінінің қызметкерлері Папамен бірге жемқорлық жолына түсіп, халық алдындағы абыройынан жұрдай болды.

Екінші жағынан, христиан дінінің моральдық қағидалары өзінің қасиетті, киелі адамдары ретінде мүсәпірлерді, өмірдің қызығынан бас тартқан адамдарды жұмаққа өзінің батыл іс-әрекеті арқасында емес, өзінің көнбістігінің, зардап-азап шегуінің негізінде барғысы келгендердеп есептейді.

Дегенмен қоғамға дін керек, өйткені езілген, зардап шеккен халық дін арқылы өзіне рухани сүйеніш тауып, өмірдің қиындығына төзе алады, мемлекеттік тәртіп дінсіз мүмкін емес, - деген ащы пікірге келіп тоқталады ұлы ойшыл.

Н.Макиавеллидің көрегендігі - саясаттың дербес құбылыс ретінде үлкен қоғамды өзгертуші құрал екенін анықтау, оның моральдық құндылықтардан бөлек табиғатын ашу, саяси билік үшін күресін, содан кейін оны ұстап тұру әрекетін жасау болды. Макиавелли іс жүзіндегі саясат пен саясат теориясын біріктіруге ұмтылыс жасады және оның саясат саласына, саяси оқиғаларды бағалауға қатысты айтқан көптеген идеялары қайсыбір жағдайда әрекет жасау жөніндегі мемлекет басшысына (князге) берген.

Макиавеллидің ойынша, мемлекет пен саясаттың қоғамдағы негізгі қызметі әртүрлі таптардың, әлеуметтік топтардың басын біріктіріп, бүкіл ұлттық келісімнің шеңберінен шығармау, қоғамды ыдыратып жібермеу, орталық билікті мықты қолда ұстау болды. Ал саясаттың моральдық сипатына келер болсақ, «мүмкіндігінше ізгіліктен алыстамау керек, ал керектік қылса зұлымдықтан қашпау қажет» деген пікір айтқан болатын.

Макиавелли: «Тек қана өзінің ар-ұжданының талабына сәйкес іс-әрекет жасайтын саяси қайраткер өзіне мола қазады», - деген пікір айтады. Оған себеп - қоғам өміріндегі кейбір жағдайда қалыптасатын «ащы шындықтың ақиқаты». Оны шешу үшін мемлекет басшысы зорлық-зомбылыққа шейін баруы мүмкін. Осындай жағдай қалыптасқанда, ол «қаталдықпен көп әуестенбеу керек, қажет болған жағдайда оны тез арада қолданып, өзіне қарсылардың быт-шытын шығаруы керек» деген.

Назар аударғандарыңызға рахм